

«КЕЛІСЕМІН»

Шардара ауданының

Білім бөлімінің басшысы

Ж.Мусатаева



«БЕКІТЕМІН»

«Әсел» бөбекжай-бақшасы

МККҚ-ның меңгерушісінің м.а

А.Султанбекова



**Түркістан облысының білім басқармасының  
Шардара ауданының білім бөлімінің  
«Әсел» бөбекжай-бақшасы  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны  
2024-2025 оқу жылының  
жылдық жұмыс жоспары**

2024 ж

**Бақшаның білім беру – тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру,  
ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың  
2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарының бөлімдері**

**Кіріспе бөлімі**

- 1.1. Білім беру – тәрбиелеу жұмысының 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары.**
- 1.2. Визит карточкасы**
- 1.3. Бақшаның материалдық – техникалық жағдайы**
- 1.4. Бақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық қызметін талдау**
- 2.0. Жоспарлау кезінде қолданылатын негізгі құжаттар**
  - 2.1 Ата аналармен жұмыс**
  - 2.2 2024-2025 оқу жылындағы педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамы**
  - 2.3 Педагогтарды аттестатауға дайындау және өткізу жөніндегі перспективалық жоспары**
  - 2.4 2024-2025 оқу жылында 6 топ жұмыс істеді.**
- 3.0 Бақшаның білім беру – тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру,  
ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралары**

## **1.1 Білім беру – тәрбиелеу жұмысының 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары.**

### **1.2 Визит карточкасы**

«Әсел» бөбекжай-бақшасы МКҚК Шардара ауданы Достық ауылы М.Әуезов көшесі № 18 мекен жайында орналасқан, пайдалануға 15 желтоқсан 2015 жылы берілді. Жалпы алаңы 1149 шаршы метр. Балабақшаның жобалық қуаттылығы 140 бала. Іс жүзінде 140 бала келеді. Ата-аналар мен бөбекжай балабақша әкімшілігі арасында келісім шарт жасалған. Тамақтандыру үшін ата-аналардың топтағы бір күндік төлемі 350 теңге. Оқыту тілі қазақша. Жұмыс режимі 8:00-18:30 сағат. Қазіргі кезде бақшада 6 топ жұмыс істейді. Әр топтағы тәрбиеленушілердің саны 20-25 бала. Жыл бойы балалардың келуі 100 % құрайды. Бөбекжай бақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова жоғары педагогикалық білімі бар, басшы-менеджер біліктілік санатты Оқу тәрбие процесіне әдіскері А.Султанбекова басшылық етеді, жоғары педагогикалық білімі бар, сарапшы санатты. Бақшада медбикесі -1, психологы -1, 6 топтар бойынша 12 тәрбиеші бар.

### **1.3 Бақшаның материалдық – техникалық жағдайы**

Бақшада сауықтыру – тәрбиелеу процесін ұйымдастыру мен жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Бақша жақсы көгалдандырылған, бау-бақшасы, гүлзарлар бар.

Бақшаның аумағы 1149 шаршы. Дене шынықтыру алаңы, серуендеу учаскесі бар. Балалардың тыныш ойындары мен қозғалыс қызметіне, сюжеттік-рөлдік ойындарына, сумен және құммен ойнауға арналған жабдық орналасқан.

Бақша ғимараты жоба бойынша салынған, екі қабатты, жарық, су, канализация, қанағаттанарлық жағдайдағы сантехникалық жабдық бар.

Топтық бөлмелер мен жатын бөлмелері бір-бірінен бөлінген. Әр топтың өз кірер есігі бар. Барлық кабинеттер қажетті құрал-жабдықтармен, ойын және оқу дидактикалық материалдарымен жабдықталған.

Заттық-дамытушылық орта ойластырылған. Оқу құралдарының барлық түрлерімен ойыншық түрлері оқыту мен тәрбиелеудің өзгешелігі мен міндеттеріне байланысты оларды қолдану әдістемесін ашады, оларды пайдаланудың вариативтігін көрсетеді..

Ас үй-ас әзірлейтін блог бірінші қабатта орналасқан. Қажетті жабдықтар жиынтығы (тоңазтатын шкафтар - 3 дана, тұрмыстық тоңазытқыш -2 дана, электр плиталары - 1 дана, электрлі ет тартқыш, көкөніс кескіш, картоп аршығыш, электрлік су қайнатқыш) бар.

Кір жуатын орын автоматты басқарудағы кір жуу машинасымен, центрифугамен, кептіру барабанымен жабдықталған.

Медициналық кабинет жабдықталған, оқшаулайтын және егетін бөлме бар.

Жаңа оқу жылына әдімтемелік кабинет көрнекі құралдармен толықтырылды.

## 1.4 Бақшаның 2023-2024 оқу жылындағы қызметін талдау

2023-2024 оқу жылында бақша қызметінің бағыты жылдық жоспардың міндетіне сәйкес жүзеге асырылды. Педагогикалық ұжым алдында мынадай міндеттер қойылды:

- Бақшаның барлық қызмет түрлерін біріктіру арқылы тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын қалыптастыру;
  - Жобалардың әдісі мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, мектепке дейінгі жастағы балалардың көркемдік-эстетикалық бағыттағы білім беру қызметін жетілдіру;
  - Жалпыадамзаттық ұлттық құндылықтарға тарту арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында отансүйгіштіктің негіздерін қалыптастыру. Кітапқа, білімге деген қызығушылықтарын қалыптастыру
  - Педагогтар тәрбиеленушілермен түрлі аудандық іс-шараларға қатысып жүлделі орындарға ие болды.
  - Ата-аналармен түрлі спорттық, мерекелік іс-шаралар және тренингтер өткізіліп тығыз байланыста жұмыс жүргізілді.
  - Педагогтар өз білімдерінің арқасында сарапшы, модератор санаттарына қол жеткізді.
- 2023-2024 оқу жылында педагогикалық ұжым қойылған міндеттерді толық көлемде жүзеге асырды.

## 2.0 Жоспарлау кезінде қолданылатын негізгі құжаттар

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық- педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы » Қазақстан Республикасының Заңы
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі №137 бұйрық
7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары №394 бұйрық
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
11. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
12. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
14. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
15. Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
16. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
17. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар

18. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
19. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы
20. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін
21. Педагогикалық әдеп қағидалары

**Әдістемелік нұсқау хатта 2024-2025 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген,  
ол мынадай бағыттарды қамтиды:**

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

**Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:**

- ойын арқылы оқыту; зерттеу тәжірбиелік жұмыстар жасату; кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру; ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

**2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері.**

**Мақсаттары:**

**Физикалық қасиеттерді дамыту:** денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

**Коммуникативтілік дағдыларды дамыту:** балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:** баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.

**Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту:** қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту:** балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу

## **Міндеттері:**

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабылеттерін Интеллектум және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту
- ✓ балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын меңгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту

### **2.1 Ата аналармен жұмыс жоспары**

Бақшада ата-аналарды бақшаның білім беру қызметіне белсенді түрде тарту үшін жағдай жасалған.

Отбасымен жұмыс бірнеше бағыттар бойынша құрылады:

- тәрбиеленушілердің отбасын зерттеу;
- ата-аналар арасында жоспарлы, белсенді түрде педагогикалық білімді тарату;
- отбасына бала тәрбиесінде тәжірибелік көмек көрсету;
- қоғамдық және отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесін насихаттауды ұйымдастыру;
- ата-аналарды іс шараларға тарту.

Бұл ата-аналарға балаларды мектепке дайындау мәселесінде олардың психологиялық және педагогикалық білімдерін арттыруға көмектеседі.

Осылайша, жұмыс халық пен педагогикалық процестің барлық қатысушыларының тығыз өзара әрекетіне құрылады, бұл бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз етеді және мектепке дейінгі жастағы баланың жан-жақты дамуы үшін жағдай туғызады.

## 2.2 2024-2025 оқу жылындағы педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамы

| № | Аты-жөні, әкесінің аты                | Атқаратын қызметі | Туған күні, айы, жылы | Қай оқуды бітірді, бітірген жылы, алған                                                                           | Диплом бойынша мамандығы                                                      | Жалпы еңбек өтілі | Санаты             | Құрстан өткен мерзімі | Марапаттары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Шығармашылық                                                                 |
|---|---------------------------------------|-------------------|-----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|-------------------|--------------------|-----------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2                                     | 3                 | 4                     | 5                                                                                                                 | 6                                                                             | 7                 | 8                  | 9                     | 10                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 11                                                                           |
| 1 | Жанабилова<br>Гульвира<br>Усупхановна | меңгеруші         | 29.08.1978            | Жоғары, Мираc<br>университеті<br>2013 жыл.<br>Аймақтық<br>әлеуметтік-<br>инновациялық<br>университеті<br>2020 жыл | Педагогика және<br>психология.<br>Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу | 27<br>жыл         | Басшы-<br>менеджер |                       | Нұрсұлтан<br>Назарбаевтың<br>"Алғыс хаты"<br>Қасым Жомарт<br>Тоқаевтың<br>"Алғыс хаты".<br>Түркістан<br>облысы білім<br>басқармасының<br>«Құрмет<br>грамоталары»<br>(И.Ө.Сағындықо<br>в.,Р.Жолаев.,Р.Ж<br>олаев),<br>ОҚО кәсіподақ<br>комитетінің<br>«Құрмет<br>грамотасы»,<br>Түркістан<br>облысы<br>мемлекеттік<br>мекемелер<br>қызметкерлері<br>кәсіподағының<br>"Еңбек озаты"<br>төсбелгісімен,<br>"Nur Otan"<br>партиясы<br>Түркістан | "Тәрбие мен оқыту<br>әрекетін жаңашыл<br>әдістерді ендіре<br>отырып жүргізу" |

|   |                                      |                             |            |                                                                                                   |                                             |               |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                |
|---|--------------------------------------|-----------------------------|------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|---------------|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                      |                             |            |                                                                                                   |                                             |               |  |  | облыстық<br>филиалының<br>төрағасының<br>"Алғыс хаты"                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                |
| 2 | Султанбекова<br>Алия Оспановна       | Әдіскер<br>тәрбиеші<br>0,5  | 25.05.1974 | Жоғары,<br>Сырдария<br>университеті<br>2021 жыл                                                   | Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу | 22 жыл        |  |  | Түркістан<br>облысы адами<br>әлеуетті дамыту<br>барқармасының<br>"Құрмет<br>Грамотасы"<br>"Қызмет"<br>мемлекеттік,<br>банк мекемелері<br>және қоғамдық<br>қызмет көрсету<br>қызметкерлерінің<br>салалық<br>кәсіподағы<br>Түркістан<br>облыстық<br>филиалының<br>төрайымы<br>А.Есебаеваның<br>"Алғыс хаты" | "Бақшада танымдық-<br>шығармашылық<br>ойындарды қолдану<br>жолдары"                            |
| 3 | Амантаева Алия<br>Мұратқызы          | Тәрбиеші                    | 22.12.1993 | Жоғары,<br>Аймақтық<br>әлеуметтік-<br>инновациялық<br>университеті<br>2019 жыл                    | Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу | 6 жыл<br>5 ай |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | "Мектепке дейінгі<br>балалардың оқу іс-<br>әрекетіндегі<br>ойынның<br>технологиялық<br>маңызы" |
| 4 | Баянова<br>Гульнара<br>Олжабаевна    | Тәрбиеші<br>Тәрбиеші<br>0,5 | 13.01.1984 | Жоғары,<br>Аймақтық<br>әлеуметтік-<br>инновациялық<br>университеті<br>2018 жыл                    | Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу | 8 жыл<br>4 ай |  |  | Түркістан<br>облысының<br>адами әлеуетті<br>дамыту басқарма<br>басшысының<br>орынбасары<br>А.Садықованың<br>"Алғыс хаты"                                                                                                                                                                                  | "Бала тілін ойын<br>арқылы дамыту"                                                             |
| 5 | Өтесинова<br>Гулжан<br>Нурдәулетқызы | тәрбиеші                    | 12.10.1993 | Жоғары,<br>Академик<br>Ө.Қуатбеков<br>атындағы<br>Халықтар<br>достығы<br>университеті<br>2023 жыл | Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу | 4 жыл<br>8 ай |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | "Ертегілер арқылы<br>мектеп жасына<br>дейінгі балалардың<br>танымдық<br>дағдыларын арттыру"    |

|    |                                     |                      |            |                                                                                                                                                             |                                                                               |                |  |  |  |                                                                                               |
|----|-------------------------------------|----------------------|------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6  | Мырзасва<br>Гулбану<br>Амиржановна  | Тәрбиеші             | 28.09.1991 | Жоғары,<br>М.Х.Дулати<br>атындағы Тараз<br>мемлекеттік<br>университеті<br>2014 жыл                                                                          | Бастауыш<br>оқытудың<br>педагогикасы мен<br>әдістемесі                        | 7 жыл          |  |  |  | "Мектеп жасына<br>дейінгі балалардың<br>шығармашылық<br>қабілетін дамыту"                     |
| 7  | Уразова<br>Джамилә<br>Джумаевна     | Тәрбиеші             | 27.12.1980 | Жоғары,<br>Аймақтық<br>әлеуметтік -<br>инновациялық<br>университеті<br>2018 ж                                                                               | Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу                                   | 4 жыл<br>7 ай  |  |  |  | "Ойын арқылы<br>балалардың ойлауын<br>дамыту"                                                 |
| 8  | Шакыева Баян<br>Тулкеевна           | Тәрбиеші             | 13.05.1982 | Жоғары, Silkway<br>Халықаралық<br>университеті<br>2019 жыл                                                                                                  | Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу                                   | 8 жыл          |  |  |  | "Ұлттық тәрбие оқу-<br>тәрбие үрдісінде"                                                      |
| 9  | Жарасбаева<br>Меруерт<br>Мухтаровна | Тәрбиеші             | 30.03.1987 | Жоғары,<br>Академик<br>Ө.Қуатбеков<br>атындағы<br>Халықтар<br>достығы<br>университеті<br>2023 жыл                                                           | Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу                                   | 3 жыл<br>10 ай |  |  |  | "Сенсорлық білім<br>берудегі басты<br>құрал-ойын<br>технологиясы"                             |
| 10 | Қаипова<br>Ақболғын<br>Қазықызы     | Тәрбиеші             | 05.09.1994 | Арнаулы орта,<br>Оңтүстік<br>Қазақстан<br>Гуманитарлық<br>қаржы колледж<br>2021 жыл                                                                         | Бастауыш білім<br>беру                                                        | 4 жыл<br>6 ай  |  |  |  | "Дамыту ойындар<br>арқылы мектеп<br>жасына дейінгі<br>баланың танымдық<br>әрекетін арттыру"   |
| 11 | Лакжаева<br>Нургуль<br>Мухтаровна   | Педагог-<br>психолог | 25.12.1990 | Жоғары,<br>Оңтүстік<br>Қазақстан<br>мемлекеттік<br>педагогикалық<br>институты 2012<br>жыл.<br>Халықаралық<br>Тараз<br>инновациялық<br>институты 2021<br>жыл | Педагогика және<br>психология.<br>Мектепке дейінгі<br>оқыту және<br>тәрбиелеу | 7 жыл<br>9 ай  |  |  |  | "Балалардың<br>шығармашылық<br>қабілеттерін дамыту<br>кезінде жұмыстың<br>жаңа озық әдістері" |

|    |                                         |          |            |                                                                                                        |                               |               |  |  |  |                                                                     |
|----|-----------------------------------------|----------|------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|---------------|--|--|--|---------------------------------------------------------------------|
| 12 | Утешова<br>Жамила<br>Жексеновна         | Тәрбиеші | 01.09.1983 | Жоғары,<br>"Дарын"<br>әлеуметтік-<br>гуманитарлық<br>институты 2005<br>жыл                             | Қазақ тілі мен<br>әдебиеті    | 4 жыл<br>3 ай |  |  |  | "Шебер қолдар"                                                      |
| 13 | Абдуллаева<br>Жансулу<br>Нусратуллоқызы | Тәрбиеші | 18.09.1992 | Жоғары,<br>Қазақстан<br>инженерлі-<br>педагогикалық<br>халықтар<br>достығы<br>университеті<br>2014 жыл | Педагогика және<br>психология | 7 жыл<br>8 ай |  |  |  | "Тәрбиеші мен бала<br>арасындағы қарым-<br>қатынас"                 |
| 14 | Альденова<br>Айман<br>Жанбырбайевна     | Тәрбиеші | 16.03.1988 | Жоғары,<br>Сырдария<br>университеті<br>2009 жыл                                                        | Биология                      | 3 жыл         |  |  |  | "Ойын арқылы<br>баланың ой-өрісін,<br>танымдық қабілетін<br>дамыту" |

#### 2.4 2024-2025 оқу жылында 6 топ жұмыс істеді

| Топ                        | жасы | Топ саны | Балалар саны |
|----------------------------|------|----------|--------------|
| «Алтынай» мектеп алды тобы | 5    | 1        | 25 бала      |
| «Жасұлан» ересек топ       | 4    | 1        | 25 бала      |
| «Қарлығаш» ересек топ      | 4    | 1        | 25 бала      |
| «Бәйтерек» ортаңғы топ     | 3    | 1        | 25 бала      |
| «Қошақан» кіші топ         | 2    | 1        | 20 бала      |
| «Балапан» кіші топ         | 2    | 1        | 20 бала      |
| Барлығы                    |      | 6        | 140 бала     |

### 3.0 Бақшаның білім беру – тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру, ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары

| Әрекет түрі                                                                                                                                                                                                         | Жауаптылар /қаралатын жері                                                                                                                         |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Қыркүйек</b>                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                    |
| <b>I. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру</b>                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                    |
| <b>ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ (ПА)</b>                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                    |
| Аттестацияландыру кестесін және жұмыс жоспарын құрастыру Теориялық кеңес:<br>«Нормативтік заңнамалы базасы және аттестациядан өту бойынша әдістемелік ұсыныстар»<br>(№561 бұйрыққа енгізілген өзгерістермен танысу) | Меңгеруші: Г.У.Жанабилова<br>Әдіскер: А.Султанбекова                                                                                               |
| 2024-2025 жылдың аттестацияландыру процедурасы бойынша жаңа әдістемелік нұсқауларды зерделеу                                                                                                                        | Меңгеруші : Г.У.Жанабилова<br>Әдіскер: А.Султанбекова                                                                                              |
| «Өз білімін жетілдіру папкасымен жұмыс»                                                                                                                                                                             | Әдіскер: А.Султанбекова                                                                                                                            |
| <b>II. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс</b>                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                    |
| <b>Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері (АК)</b>                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                    |
| Тақырыбы: « Н» әріпі және дыбысы.                                                                                                                                                                                   | «Алтынай» мектепалды топ тәрбиеші:<br>А.Каипова                                                                                                    |
| Азаматтық қорғаныс: «Жер сілкінісі»                                                                                                                                                                                 | «Алтынай» мектепалды топ тәрбиеші :<br>А.Каипова                                                                                                   |
| <b>Ертеңгілік іс-шараларының ашық көрсетілімі (АК)</b>                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                    |
| «Білім күні» мерекелік ашық көрсетілім                                                                                                                                                                              | «Қарлығаш» ересек топ тәрбиешісі:<br>Д.Уразова<br>«Жасұлан» ересек топ тәрбиешісі: Г.Баянова<br>«Алтынай» мектепалды топ. тәрбиешісі:<br>А.Каипова |
| «Тілдер мерекесі»                                                                                                                                                                                                   | «Жасұлан» ересек топ тәрбиешісі: Г.Баянова                                                                                                         |
| <b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР (ПҚ)</b>                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                    |
| <b>№ 1 ПЕДКЕҢЕС: ТАҚЫРЫБЫ:</b><br>Бақшаның жаңа оқу жылына дайындығы<br><b>МАҚСАТЫ:</b> Бақшада оқу-тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту. Жаңа оқу жылына қойылған мақсат міндеттерді айқындап, бекіту     | Меңгеруші : Г.У.Жанабилова<br>Әдіскер: А.Султанбекова<br>Педагогтар<br>Психолог: Н.Лакжаева                                                        |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>КҮН ТӘРТІБІ:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.</li> <li>2. 2024-2025 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнын талқылау;</li> <li>3. Бақшаның жұмысының жылдық жоспарын бекіту</li> <li>4. Жаңа нормативтік-құжаттарымен танысып, талқылау</li> <li>5. Аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспарын бекіту.</li> <li>6. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру</li> <li>7. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту.</li> </ol> <p>2024-2025 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту</p> | <p>«Алтынай» мектепалды топ тәрбиешісі:<br/>А.Каипова<br/>«Жасұлан» ересек топ тәрбиешісі: Г.Баянова<br/>«Қарлығаш» ересек топ тәрбиешісі:<br/>Д.Уразова<br/>«Бәйтерек» ортаңғы топ тәрбиешісі:<br/>Г.Өтесинова, Г.Мырзаева<br/>«Қошақан» кіші топ тәрбиешісі:<br/>М.Жарасбаева, Ж.Утешова<br/>«Балапан» кіші топ тәрбиешісі:<br/>А.Альденова</p> |
| <p><b>ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТЕР (ӘК)</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <p>Заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p>Әдіскер: А.Султанбекова</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <p><b>III. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <p><b>Ата – аналармен бірлескен әрекет (АБӘ)</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <p>Сауалнама «Келіңіз, танысайық»<br/>Бала және оның отбасы туралы алғашқы ақпарат алу және сараптау. (Сұрақ – жауап)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <p>«Алтынай» мектепалды тобының тәрбиешісі: А.Каипова<br/>«Жасұлан» ересек топ тәрбиешісі:<br/>Г.Баянова<br/>«Қарлығаш» ересек топ тәрбиешісі:<br/>Д.Уразова<br/>«Бәйтерек» ортаңғы топ тәрбиешісі:<br/>Г.Өтесинова, Г.Мырзаева<br/>«Қошақан» кіші топ тәрбиешісі: М.Жарасбаева, Ж.Утешова<br/>«Балапан» кіші топ тәрбиешісі: А.Альденова</p>     |
| <p><b>Ата – аналар жиналысы (АЖ)</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ата-аналарды балабақша ұжымымен таныстыру;</li> <li>2. 2024-2025 жаңа оқу жылының іс-жоспарымен таныстыру.</li> <li>3. Ата-аналар комитетін қайта сайлау.</li> <li>4. «Бақшаға балалардың бейімделу үрдісі» баяндама</li> </ol>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <p>Әдіскер: А.Султанбекова</p> <p>Психолог: Н.Лақжаева<br/>«Алтынай» мектепалды тобының тәрбиешісі: А.Каипова<br/>«Жасұлан» ересек топ тәрбиешісі:<br/>Г.Баянова<br/>«Қарлығаш» ересек топ тәрбиешісі:<br/>Д.Уразова</p>                                                                                                                          |

|                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                                            | «Бәйтерек» ортаңғы топ тәрбиешісі:<br>Г.Өтесинова, Г.Мырзаева<br>«Қошақан» кіші топ тәрбиешісі:<br>М.Жарасбаева, Ж.Утешова<br>«Балапан» кіші топ тәрбиешісі:<br>А.Альденова                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b><i>Ата – аналарға арналған консультациялық пункт (АКП)</i></b>                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Консультациялық пунктін құрылуы. (Дөңгелек үстел)                                                                                                                          | Меңгеруші : Г.У.Жанабилова<br>Әдіскер: А.Султанбекова<br>Психолог: Н.Лакжаева<br>«Алтынай» мектепалды тобының<br>тәрбиешісі: А.Каипова<br>«Жасұлан» ересек топ тәрбиешісі:<br>Г.Баянова<br>«Қарлығаш» ересек топ тәрбиешісі:<br>Д.Уразова<br>«Бәйтерек» ортаңғы топ тәрбиешісі:<br>Г.Өтесинова, Г.Мырзаева<br>«Қошақан» кіші топ тәрбиешісі:<br>М.Жарасбаева, Ж.Утешова<br>«Балапан» кіші топ тәрбиешісі:<br>А.Альденова |
| <b>IV.Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет. Келісім шарттар жасалған мектептермен және ұйымдармен жұмыста сабақтастық мәселелері бойынша ісшаралар жоспарланады</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b><i>Педагогикалық іс-шаралар</i></b>                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Мектепке ораласқан балалардың тізімін анықтау                                                                                                                              | «Алтынай» мектепалды топтың тәрбиешісі:<br>А.Каипова                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b><i>Ата – аналармен жұмыс</i></b>                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Баланы мектепке қалай дайындаймыз? (Кеңес)                                                                                                                                 | «Алтынай» мектепалды топтың тәрбиешісі:<br>А.Каипова                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
